

**ХАТТАМА №3**

2023 жылғы 30 қараша

Жанаөзен ауылы

**Директор жанындағы кеңес отырысы**

**Қатысқандар:** мектеп директоры К.С.Байғалиев,  
Мектеп әкімшілігі, психолог,  
ӘБ жетекшілері, сынып жетекшілер

**Күн тәртібі:**

1. 9- сыныптардағы тарих, Адам. Қоғам. Құқық пәндерінің оқытылу жағдайының қорытындысы. Директордың ісі жөніндегі орынбасары: Ашимханов К.Т.
2. II тоқсан бойынша 5-10 сыныптардың математика, физика пәндерінен алынған бақылау жұмыстарының қорытындысы. Директордың ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің жазба жұмыстарын тексеру қорытындысы Директордың бағдарлы ісі жөніндегі орынбасары: Унұспаева Д.Б.
4. Күнделік КЗ тексеру қорытындысы Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Унұспаева Д.Б.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың ісі жөніндегі орынбасары Ашимханов К.Т.сөз алды. 2023 жылдың 11-22 қараша аралығында 9- сыныптардағы тарих, Адам Қоғам Құқық пәндерінің оқытылу жағдайы тексерілді. Тексеру барысында сабаққа қатысып, оқушылардың білім-білік дағдылары зерделенді. 9 «А», 9 «Ә» сыныптарына сабақ беретін педагог модератор мұғалім Мұратова Н.С. сабақтары дидактикалық мақсатты орындау тұрғысынан нәтижеге жетті. Қатысқан сабақтардың құрылымы, жүйелігі, барлық кезендердің оқу материалын дұрыс таңдауымен ерекшеленді. Назгүл Серғазықызының сабақтары 60%-70%-құрады. Ұсыныс ретінде жоспар жасау сабақ өткізу кезінде сыныптың даярлық деңгейін ескере отырып, уақытты ұтымды түрде бөліу,оның көлемі мен оңтайлы түрде қолдануын ойластыру шарт. Осы мәселелерге көңіл аударған жан Ахметова А.К. сабақтарының тиімділігі 70%-75%-ды құрады. Мұғалім сабақты кәсіби біліктілікпен жүргізілетіні байқалды. Сабақта эмоциялық жағдай жасалған, мұғалім оқушылардың зияткерлік белсенділігін ояту, ойлану, сөйлеу, есте сақтау қабылеттерін дамыту бғытында нәтижеге жете білді. Тексеру кезінде мұғалімнің әдістемелік біліктілігін тарату деген ұсыныс берілді.

Солтыбаева Назгүл өткізген сабақтарының тиімділігі 70%-80%-ды құрады. Сабақтың мақсаты өткізілген материалға сәйкес, оқушылардың даярлық деңгейі ескерілген, оқушылардың зияткерін белсенділігін оятуға мүмкіндік жасалған. Пән мұғаліміне топ арасындағы, жұп арасындағы байланысқа мән беру ретінде ұсыныс жасалды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз алды. Жазба есептеу алгоритімін меңгерту, логикалық ойлау, есте сақтау қабылеттерінің деңгейін, оқушылардың білім, білім дағдыларын бақылау мақсатында 2023 жылдың 18-22 желтоқсан аралығында 5-10 сынып оқушыларынан әкімшілік бақылау жұмысы физика, математика пәндерінен алынды.



Математика пәндерінен төмендегідей көрсеткіш көрсетті. 5 сынып 29 оқушы 62,5% білім сапасы 100% үлгерім көрсетті. 6 сынып 30 оқушы 86% сапа, 100% үлгерім көрсетті. жазба жұмысын «2»- ге жазған оқушы жоқ. 7 сынып 31 оқушы білім сапасы 66%, үлгерім 100% болды. 8 сынып 22 оқушы 62,5% білім сапасын, 100% үлгерім сапасын көрсетті. 9 сынып 22 оқушы 63% білім сапасын, 100% үлгерім сапасын көрсетті. 10 сынып 25 оқушы 46%, білім сапасын, 100%, үлгерім көрсетті. Жалпы мектеп бойынша 5-10 сыныптардан 160 қатысып, білім сапасы 66%, үлгерім 100% болды. 26 оқушының математика пәнінен білім-білік дағдысын жетілдіру керектігін ескертті.

Физика пәні бойынша жазба жұмысының қорытындысы 7 сынып 31 оқушы білім сапасын 65%, үлгерім 100% көрсетті. 8 сынып 22 оқушы білім сапасы 63%, үлгерім 100% көрсетті. 9 сынып 22 оқушы 68%, білім сапасы 100%, үлгерім көрсетті. 10 сынып 24 оқушы 47%, білім сапасын, 100%, үлгерім көрсетті.

Жалпы мектеп бойынша 5-10 сыныптар бойынша 101 оқушы 50,4% білім сапасы, 100% үлгерім көрсетті. Төмен көрсеткіш берген 21 оқушының білім-білік дағдылары негізінде жұмыстар жүргізу керектілігі ескерілді. Пән мұғалімі тарапынан пәндер бойынша есептердің мазмұны, берілу шарты және шығару тәсіліне сәйкес құрылымдауды тиімді жүргізуге ықпал ету керектігін ескертті.

2 Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз алды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жазба жұмыстарының дәптері 2023 жылдың 11-15 қараша аралығында тексерілді. Тексеру оқушы дәптерінің жалпы жағдайы, (қатесіз толтырылуы, тазалығы, ұқыптылығы), жазбаша сынып жұмысының көлемі, жазбаша үй жұмысының көлемі, оқушы дәптерінің уақытылы тексерілуі талаптары бойынша жүргізілді.

5 сыныптар бойынша Сайлан А., Төлеухан І., Сайлаубай А., дәптерлер орфографиялық нормаға сай, тазалығы мен көркем жазу дағдылары толық қалыптаспаған. Жалпы оқушылардың дәптер қолдану деңгейлері қанағаттанарлық деп айтуға болады. Тексеру барысында кері байланыстың талапқа сай еместігін ескертті. 6-7 сыныптар бойынша тексерілген дәптерлер бойынша төмендегідей көрсеткіштер анықталды. Оқушылардың дәптер сырты қапталған, тексеру нормасы сақталған. Көптеген оқушылардың көркем жазулары төмен, таза ұсталуы сақталмаған. Көркем жазу нашар оқушылармен тұрақты жұмыс жүргізу керектігі ескерілді. 8 сыныптар бойынша пән мұғалімдері Бажаева Т.М., Мухатова Д.Д., Мадыбаева А.О. дәптердің жалпы жағдайы «жақсы» деп бағалауға болады. Дәптер уақытылы тексеріліп тұрады. Сыныптардың дәптерлері түгел қапталған, таза, ұқыпты ұсталған. Сынып жұмысы мен үй жұмысы көлемі нормаға сай. Дегенмен, тапсырмаларының қатесін тексеру толық жүргізілмеген. Оқушы жұмысына кері байланыс беру жүйелі жазылмаған. Көбінесе бір сөзбен ғана жазу көрсетілген. Оқушы дәптерін тексеру кезінде пән мұғалімінің жұмысқа кері байланыс беру стилін жүйелеу керектігін ескертті. Орыс тілі пәні бойынша жазба жұмыстар дәптерлері 2023 жылдың 11-15 желтоқсан аралығында тексерілді. Пән мұғалімдері Болт Н.В. Жақубекова Э.М. дәптерлері тексерілді. Әр пән мұғалімі 17-18 оқушы дәптерін тексерті. Оқушы дәптерлерін тексеру жүйелі тексерілген, дәптерлер қапталған, таза ұстауға көңіл бөлінген. Үй тапсырмасы мен сынып тапсырмасы нормасы талапқа сай толтырылған. Тапсырмаға коментарий беру стилімен анықтау керек, кейбір оқушыларға балл қойылмау керектігі ескертті. Үлгерімі төмен оқушылардың түзетуіне ескерту жасау, жасыл шелек толтыру сияқты ұсыныстар айтылып өтті.

3 Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз қозғалды. Мақсаты: бағдарламаны, 2-тоқсан бойынша бағдарламаның практикалық бөлімін жүзеге асыру, тоқсандық бағаның әділ қойылуы зерделенді. Тексеру барысында пән мұғалімдерінің оқушыға қойылған



бағаны түзетілуі, күнделік кз өзгеріс енгізілді, баға өзгертілді деген сөзбен тіркелетіндігін айтып өтті. 9 А, 9Ә сыныптардағы алгебра, биология, тарих, ағылшын тілі, орыс тілі, физика пәндерінен баға түзетілген еді. Жалпы журналдың жағдайы қанағаттанарлық, журналдар уақытылы толтырылуда, жазба жұмысы бағалары уақытылы қойдырылған, журнал толтыру нұсқаулығы орындалуда. Сондай-ақ кейбір пәндер баға қоры аздығы және жоғарыда көрсетілген кемшіліктер, күнделік кз баға қорының айырмашылығы сынып жетекшілеріне ескертіліп, дер кезінде аталған ескертулер берілді. Мемлекеттік құжат электронды сынып журналындағы оқушының тоқсандық бағасын түзетіп өзгерткен үшін сөгіс берілетіндігін айтып өтті.

### **Шешімі:**

1. Оқушылардың тарихи сауаттылығын арттыруда танымдық дағдыларды жетілдірілсін. Жауапкершілік пән мұғалімдеріне жүктелсін.

1.1. ОЖСБ-ға дайындық мақсатында берілетін сұрақтар мен тапсырмаларды тереңдетіп талдау пән мұғалімдеріне жүктелсін.

1.2. Пән бойынша қойылатын оқу мақсаттары мен тілдік мақсаттар сабақтастырылып, оқыту мазмұны тереңдетілсін.

2. Оқушылардың математикалық сауаттылық дағдысы тереңдетілсін. жауапкершілік пән мұғалімдеріне жүктелсін.

2.1. Математика пәнінен төмен көрсеткіш берген 10 «Ә» сыныбы 47%, 10 «А» сыныбы 45%, 8 «Ә» сыныбы 50%, 5 «Ә» сыныбы 60% бақылауға алынсын.

2.2. Физика пәнінен білім сапасының төмен деңгейін көрсеткен 7 «Ә» сыныбы, эксперименттік топтарға бөліп жұмыс жасау ескеріліп, мектепшілік бақылауға алынсын.

2.3. Бақылау жұмыстарында жіберілген қателер ескеріліп, төмен балл алған оқушылармен жеке дара жұмыстар жүргізілсін.

3. Қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиетінің дәптерлерін жүргізуде бірінгай орфографиялық режимді сақтау қадағалансын.

3.1. Оқушы коллиграфиясы үнемі мұғалімдердің назарында болып, жұмыс дәптерлерінің тазалығы, ұқыптылығын талап етілсін.

4. Оқушы жұмысына керібайланыс беру стилін журналдарындағы (күнделік,кз) оқушының ағымдағы бағасын түзетіп, өзгерткен үшін пән мұғалімдеріне ескерту берілісін.

Төрағасы

Хатшы:



К.С.Байғалиев

Мадыбаева А.О